



TROVAN транспондерлерін имплантациялау жөніндегі нұсқаулық

Транспондерді имплантациялау орнын дайындау

Транспондерді имплантациялау орны кез-келген басқа әдеттегі асептикалық инъекцияға арналған орынның дайындалуына ұқсас тәсілмен дайындалуы тиіс. Ине мен транспондер инертті және зарарсыздандырылған қаптамада жеткізіледі. Жылқылар үшін клостридия (лат. Clostridium) бактерияларын жұқтырудың алдын алу үшін толық хирургиялық дайындық қажет.

Имплантациялау жөніндегі нұсқаулық

1. Транспондердің цифрлық кодын тексеру үшін жабық қаптамадағы зарарсыздандырылған инені сканерлеңіз. Қаптаманы ашыңыз.
2. Инені имплантерге салыңыз және имплантерді бұғаттаңыз. Имплантацияламастан бұрын бұғаттан шығарып, иненің қақпағын алыңыз. Жеке транспондер жағдайында қаптаманы ашып, иненің қақпағын алыңыз.

Ескертпе: Абай болыңыз, ине өте өткір және ұзына бойына қиғаштығы 60 градус, бұл скальпельдің жүзімен бірдей. Сақ болуыңызды сұраймыз.

Ескертпе: Ине жануарға салынғанша ешқашан имплантер поршенін баспаңыз. Транспондер шығып кетуі мүмкін.

3. Транспондер имплантациясы тері астына жасалатын басқа инъекцияларға ұқсас және көптеген үй жануарлары үшін имплантация жасау орындары ұқсас.
4. Имплантер енгізу және суыру кезінде тіке бағытталуы тиіс. Иненің ұшын "шайқамау" үшін қол селкілдемеуі тиіс, осыған бар күш-жігерді салу қажет.
5. Инені енгізгеннен кейін инені әрі қарай жылжыта отырып, теріні иненің ұзындығымен бірдей етіп созыңыз. Бұл рәсім кезінде инені баяу (еппен) енгізу ұсынылады.
6. Инені инеде белгіленген сызықтың тереңдігіне енгізіп, тұрақтандырылған кезін пайдаланып поршеньді басыңыз. Инені алып тастаңыз және тері қатпарларының жазылғанын күтіңіз. Транспондердің толық енгізілгеніне көз жеткізу үшін имплантация орнын тексеріңіз.
7. Транспондердің орналасқан жері мен кодын және сканерлеу техникасын тексеру үшін жануарды сканерлеңіз.

Транспондердің орналасуы және сканерлеу техникасы

Көпжылдық зерттеулер мен практикалық жасақтамалар нәтижесінде әртүрлі жануар түрлеріне микрочиптерді имплантациялау орындарына қатысты бірыңғай ережелер жасалды.

RF технологиясының сипатына бағытталған компоненттің арқасында сканер транспондерді оқиды. Төменде

ұсынылған әдіс деректерді 100% жинауды қамтамасыз етуі керек.

Мойынның ортасынан иыққа дейін бойлай отырып, мойынның екі жағынан төрт рет өтіңіз. 90 градуспен арқа доғасын қамтитын сол аумақты көлденең бағытта төрт рет өтіңіз. Сканердің импульсін сақтау үшін абай болу керек, сканерді жануарға өте жақын ұстап тұрып, оның терісі мен жүнінің бетімен сырғытыңыз. Іске қосу батырмасын әр тәсілдеме кезінде басып ұстап тұру керек. Бұл рәсімді жүргізетін маман белгілі бір шеберлік деңгейіне жеткенге дейін имплантацияны басқа процедурамен (мысалы, жынысты анықтау) біріктірмеу ұсынылады. Маман имплантация рәсімінен кейін асқынулармен күресуге және құсты белгілі бір уақыт ішінде бақылауға дайын болуы керек.

Кішкентай құстармен жұмыс жасағанда бұлшықет ішіне имплантация жасау үшін инені тек фасканың тереңдігіне салу керек.

Құстарды сканерлеу кезінде кеуде қуысы, мойын мен қанаттардың іргесі қамтылуы тиіс. Қанаттарын неге қамту керек дейтін болсақ, жеке хайуанаттар бағында имплантаттар көбінесе осы жерлерге жасалады.

1. Ит, мысық, ұсақ сүтқоректілер мен приматтарға имплантация мойынның түбіне, арқасының ортаңғы сызығына, жауырын арасына жасалады. Транспондер иненің толық тереңдігіне және толығымен тері астына имплантацияланғанына көз жеткізу керек.
2. Жылқыларда имплантация иненің бүкіл тереңдігіне, желке байламы тұсына, мойыннан төмен қарай сол жағына жасалады. Енгізу орны арқаның ортаңғы сызығынан 3-5 см жерде болуы тиіс, бұл жағдайда чипті екі жағынан сканерлеуге болады.

3. Үй, ауыл шаруашылығы жануарлары және экзотикалық жануарлар (қойлар, ешкілер, ламалар және т.б. соларға ұқсас) –құйрығының сол жағындағы қатпарына, арқаның ортаңғы сызығына мейлінше жақын. Бұл кез-келген жағынан сканерлеуге мүмкіндік береді.
4. Құстарға имплантация кеуде бұлшықетінің ішіне жасалады. Физикалық қарап шығу кезінде чипті анықтау (немесе суырып шығару) оңай емес екенін білу керек. Бүгінгі таңда құстармен жүргізілген барлық дерлік айла-шарғылар дәл осы жерге жасалғанда асқынулар орын алмайды; дегенмен бұлшықетішілік гематоманың пайда болуы ықтимал.
5. Құрлық пен су тасбақаларына артқы жағындағы қабыршақ астына, тері қабықпен жанасатын ортаңғы сызық бойымен имплантацияланады. Ірілеу жануар түрлері үшін инені бүкіл тереңдікке енгізуге болады. Кішкентай түрлер мен жаңа туған төлге чипті инені тек көлбеуліктің $\frac{3}{4}$ тереңдігіне орналастыру арқылы салуға болады. Жас жануарлардың жұмсақ қабығына зақым келтірмеу және жарақаттап алмау үшін абай болу керек. Чипті қабыршақ арқылы сканерлеуге немесе сканерді корпустың артқы төменгі жағынан өткізуге болады.
6. Жыландарға имплантация мойын ішіне, басынан 3-5 см жердегі бұлшықет ішіне тайыз салынады. Иненің бағыты дененің бетіне параллель болуы керек.
7. Игуан, келес сияқты кесірткелерге имплантация құйрық түбіндегі жуан бұлшық етіне орналастырылады. Ине қабыршақ арасында бағытталуы керек.

Транспондердің жалпы қабылданған тәсілмен орналасуы

Барлық транспондерлер мүмкіндігінше жануардың сол жағына (L) имплантациялануы керек.

ТҮРЛЕР/ИМПЛАНТАЦИЯ ОРЫНДАРЫ/ ТҮСІНДІРМЕЛЕР

БАЛЫҚТАР:

Үлкенірек (>30 см) жүзбеқанаттың сол жақ іргесі

Кішірек (<30 см.) жатыр қуысы

АМФИБИЯЛАР: лимфа қуысы
түзілген саңылауды мата желімімен жауып қою керек

РЕПТИЛИЯЛАР:

Тасбақалар артқы аяқтарының
шұңқырлары (L)

Қолтырауындар тері астына, желке тобына
қарсы (L)

Кесірткелер

Үлкенірек (>12,5 см.) шап аймағы (L)

Кішірек (<12,5 см.) жатыр қуысы

Жыландар мойынның сол жағына/немесе кеуде бұлшықетіне
мұрынның ұшынан бастың екі ұзындығын өлшеңіз

ҚҰСТАР

Ересек құстың массасының өлшемдеріне сәйкес

Үлкенірек (>1,5 кг. және/немесе ұзын аяқты)
мойын мен дененің түйіскен жерінде дорсалды түрде (L)

Орташа және кіші (<1,5 кг.) кеуде бұлшықеті (L)

Тотықұстар кеуде бұлшықеті (L)

Ескі/жаңа әлем құзғындары тері астына мойын түбіне (L)

Басқа сұңқар тәрізділер кеуде бұлшықеті
(L)

Дегелек кеуде бұлшықеті (L)

Қырсыздар Мойын имегінің үстіндегі
бұлшықетке (L)

Пингвиндер тері астына мойын түбіне (L)

Түсіндірме: сол жақ кеуде бұлшықетінің ең жалпақ жеріне,
төменгі бағытта.

СҮТҚОРЕКТІЛЕР

Өлшемі ересек сүтқоректілердің жамбас сүйегі мен жауырыны
арасындағы қашықтыққа сәйкес келеді

Иттер / мысықтар жауырын арасындағы тері астына (шоқтығы
тұсындағы ортаңғы сызық бойымен) Ортасынан сол жаққа
қарай жауырын арасымен.

Жылқылар желке байламының сол жағына. Жануардың бүйірлік
жазықтығына перпендикуляр түрде мойын ортасындағы
бұлшықет ішіне.

Ірі мүйізді қара тері астына, оң жақтағы
мойынның төменгі үштен бір бөлігі.

Ұсақ мүйізді қара тері астына, мойынның жоғарғы
бөлігі құлақтың арты.

Лори тәрізділер

Кішкентай-орташа (<17 см.) сол жақ құлақтың түбіне тері астына. Мойынның қалың терісі имплантацияны қиындатады.

Үлкен-орташа (>17 см.) тері астына омыртқадан жауырынға дейін. Жауырынның орта тұсының сол жағына.

Даман тәрізділер бел аралық аумаққа тері астына (L).

Піл құйрықтың сол жағына каудал қыртыстың қалыңдығына (L) тері астына. Тері қалқаны имплантацияны қиындатады.



Copyright © 2012-2021
All Rights Reserved
«Animal ID Kazakhstan» LLC